

2006 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында облыс аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 83А қаулысы . Солтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 25 сәуірде N 1620 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңының 19-бабының 3-тармағына сәйкес және«"Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2006 жылдың сәуір-маусымында және әскери қызмет туралы"»Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңының 19-бабының 3-тармағына сәйкес және Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2006 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылдың 18 сәуірдегі N 96 Жарлығы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтар 2006 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Облыстық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Петропавл қаласы мен аудандар әкімшіліктеріне:

қорғаныс істері жөніндегі аудандар (қаланың) бөлімдері (басқармасы) арқылы аудан (қала) аумағындағы жедел әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін;

аудандық, (қалалық) шақыру комиссиясының құрамын бекітсін, мыналармен

қ а м т а м а с ы з

е т с і н :

аудандық, (қалалық) шақыру комиссиясының жұмысы үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімдер (басқарма) үй-жаймен;

шақыру комиссиясынан өту және әскерге аттандыру үшін азаматтардың қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқарма) ұйымдасқан түрде келулері, осы мақсаттар үшін құлақтандыру және әскерге шақырылғандарды іздестіру т о п т а р ы н б ө л у д і ;

автомобиль көлігімен және қажетті санда техникалық қызметкерлер бөлуді; көрсетілген іс-шараларды орындауға байланысты шығындарды осы мақсаттарға бөлінген қаржыландыру шегінде жергілікті бюджет есебінен қ а р ж ы л а н д ы р у д ы .

4. Денсаулық сақтау департаменті:

Петропавл қаласындағы облыстық жинау пунктіндегі медициналық комиссияның жұмысын қаматамасыз етсін;

шақырушыларды медициналық куәлендіру жөніндегі комиссия дәрігер-мамандармен, әсіресе тар саладағы мамандармен жинақтасын;

шақырту комиссиясымен жіберілген азаматтарды медициналық зерттеу үшін емдеу-профилактикалық мекемелерде орындар көздесін.

5. Ішкі істер департаменті мыналарды қамтамасыз етсін:

ішкі істер департаменті, Петропавл қалалық басқармасы және аудандық ішкі істер бөлімі басшыларының құрамынан лауазымды тұлғаларды облыстық, аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының құрамына енгізуді;

азаматтарды шақыру кезеңінде қорғаныс істері жөніндегі аудандық (қалалық) бөлімдермен (басқармамен) байланысты әрекеттер ұйымдастыруды;

әскерге шақырушыларды әскери бөлімдерге аттандыру және жіберу уақытында қоғамдық тәртіптік күзетуді;

азаматтардың шақыру пункттеріне келуіне бақылау жүргізуді, шақырудан ж а с ы р ы н ы п қ а л у ғ а ж о л б е р м е у д і .

6. Петропавл қаласының әкімі облыстық жинақтау пунктінде шақырылушыларға азық-түлік және өнеркәсіптік тауарларды сатуды ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

7. Мәдениет департаменті шақыру пункттерінде көркемөнерпаздар ұжымының өнерін және әскери-патриоттық тақырыптарға кинофильмдер кө р с е т у д і ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

8. Дене шынықтыру және спорт басқармасы облыстық жинау пунктінде спорттық-бұқаралық іс-шаралар, шақырылушылардың жалпы даярлығына т е к с е р у ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

9. Қаулы бірінші ресми жарияланғаннан күннен бастап іс-әрекетке енгізіледі.

10. Қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В.Развинге жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м ш і л і г і н і ң

2 0 0 6 ж ы л д ы ң 2 5 с ә у і р д е г і

№ 83а қаулысына қосымша

**Облыстық шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ:**

Амангелдиев Талғат Бекмұратұлы	комиссия төрағасы, Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы
Пелихов Владимир Федорович	комиссия төрағасының орынбасары, мобилизациялық дайындық және төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Сұлтанов Талғат Дүйсенұлы	облыстық Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары
Имбаева Фирая Гумаровна	1 аурухананың дәрігер-терапевті, медициналық комиссияның төрайымы
Кривошеева Зоя Ивановна	комиссия хатшысы, облыстық аурухананың медбибісі